

**О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінің педагог-ассистент
М.Сақташеваның 2025-2026 оқу жылындағы І тоқсанда атқарған
жұмысы туралы есебі**

2025-2026 жаңа оқу жылының І тоқсаны қыркүйектің 2-нен бастап 24 қазан аралығында

6 «Б» сынып оқушысы Мықтыбай Рүстемнің педагог ассистенті болдым.

Алғашқы 2 апта бақылап диагностика жасадым. Оқушының еркін іс-әрекетіне және сынып бақылау хаттамасын толтырдым. Сол негізде І тоқсанға арналған оқушыны педагог ассистенттің қолдау бағдарламасын жасадым. Сыныпта, мектепте, сыныптан тыс кезде қоғамға қолайлы мінез-құлық қалыптастыру. Оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастыру (Математикалық тапсырмалар (қосып, азайтып үйрену), Сөйлеу тілін дамыту, Буынға бөліп оқытып үйрену, Тақтадан көшіріп үйрену, Әріптен диктант жазып үйрену), Жыл мезгілдері мен апта күндері, Қарым қатынас дағдысын қалыптастыру (Мұғаліммен, Сыныптастарымен қарым-қатынас орнату), Ұсақ және қол моторикасын дамыту, Қоршаған орта тақырыптары бойынша сабақ өткіздім. Оқушыны оқыту өмірлік маңызды дағдыларды, әлеуметтік бейімделуді игеруге ықпал ететін тұлғалық дамуға бағытталған. Ата-анасымен байланыс дәптері жұмыстары апта сайын жүргізіліп отыр.

Мықтыбай Рүстем

ПМПК қорытындысы бойынша: Жеңіл түрдегі зиятының бұзылысымен қатар мінез-құлықтың бұзылысы.

Академиялық дағдылары:

Сауаттылығы: Әліппені біледі, әріптерді таниды жартылай, бірақ оқи алмайды. Түстерді ажырата алады.

Жазу: Әріптерді таниды бірақ жазбайды.

Оқу техникасы: Оқудан қиналады, оқудан қашады.

Математика: Сандарды біледі, айту бойынша жазады.

Қарым-қатынас дағдылары: Мұғалімге, сыныптастарына мән бермейді.

Өз-өзіне қызмет көрсету дағдылары: Аяқ киімін бауын байлай алмайды, көмек сұрайды, өзі киінеді, түймесін замогін тағуда көмек қажет етеді, дәретханаға өзі барады, қолын жуады, өзі тамақ ішеді.

Бағыт-бағдар: мектепке кіріп шығу бағыттарын біледі.

Жағымсыз мінез-құлық: тапсырма орындағысы келмесе, сабаққа қатысқысы келмесе, айқайлап, шулап, басын партадан көтермей, кейде жылап айқайлайды.

Сабақ уақыты: 8:00 басталып. 13:20 аяқталады.

ҚАЗАН - "Түстер, пішіндер және эмоциялар әлемі"

Тақырып	Мақсат	Әрекет түрі	Күтілетін нәтиже
1. Түстер әлемі	Негізгі түстерді тану және қолдану	Түсті карточкалар, бояу, түсті заттарды атау	Қызыл, сары, көк, жасыл түстерді ажыратады
2. Пішіндер әлемі	Геометриялық пішіндермен танысу	Дөңгелек, шаршы, үшбұрышпен жұмыс, құрастыру	Негізгі пішіндерді таниды және атайды
3. Эмоциялар	Эмоцияларды тану және айтуға үйрету	Эмоция карточкалары, айнамен жұмыс, "Қалай сезінесің?"	Қуаныш, ренжу, ашу, қорқынышты ажыратады
4. Денеміздің бөліктері	Денесін тану, қимылмен байланыстыру	Айнамен жұмыс, "Дененді тап", қимылды ойын	Бас, қол, аяқ, көз, мұрынды көрсете және атай алады





